

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ОРГАНДАРЫНДАҒЫ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ**

Талғатқызы Сымбат

symbattalgatovna001@mail.ru

«Мемлекеттік аудит» мамандығының 3 курс студенті

Л.Н Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Нұр – Сұлтан қ, Қазақстан

Республикасы

ғылыми жетекші Жахметова Айнура Каиржановна

Мемлекеттік аудит, бюджет қаражаты, мемлекеттік аудит активтеріне байланысты жеңілдіктерді және мемлекет кепіл берген қарыздары және мемлекеті кепілгерлігімен, оның ішінде бюджетті атқаруға байланысты тәуекелдерді басқару жүйесіне негізделген қарыздарды басқару және пайдалану тиімділігіне анализдік талдау, бағалау, қадағалау және тексеріс жүргізіп отыру – мемлекеттік аудит деп аталады.

Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнамаларының сақтамаудан, қаржылық бұзушылықтарға, бюджеттік қаражаттардың ұрлануына сонымен қатар ысырап болуына әкеліп оғатын, оған қоса бағдармалық құжаттарда, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларында қарастырылған нысаналы индикаторлар мен көрсеткіштерге қол жеткізбеудің толық көлемде орындамаудың ықтималдығы болып табылатын – тәуекел деп аталады. Оның бағалау тәсілдеріне, қызметтеріне, басқаруына шолу жасап өтсек.

Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнамаларын сақтамаудан мемлекеттік аудит объектісіне әс – әрекеттердің және оқиғаның тигізетін кері салдарының тиімділігі, қаржылық бұзушылықтардың орындалмауының ықтималдығы болу мемлекеттік аудиттің тәуекелі болып табылады. Теріс оқиғаның және салдарларының тигізетін ықпалының туындау себептерінің ықтималдығының сапалық және сандық тәсілдері – тәуекелдерді бағалау болып есептеледі. Модельдеуді және материалдар мен деректерді талдаудың статистикалық және математикалық құралдарына, техникаларға негізделген әдісі – тәуекелдерді бағалаудың сандық тәсілі деп аталады. Тәуекелді бағалаудың сапалық әдісі – анализдік талдамалық, сараптамалық бағалауға негізделген әдісі.

Мемлекеттік аудит объектісіне жоғары дәрежелі тәуекелдерге және орта дәрежелі тәуекелдерге апаратын шарттардың туындауы туралы хабарламалар, ескертулер және оларға жол бермеу бойынша ұсыныстар беруден тұратын іс – шаралар – тәуекелдер басқару яғни, жоғары дәрежедегі тәуекелдерге әкелетін шарттар сақталатын жағдайда мемлекеттік аудит объектілері бойынша аудиторлық іс – шараларды өткізу мәселесін қарастыру болып табылады. Тәуекелдің бұрмалау немесе ауытқу түрі – бақылау жүйесінің тәуекелі деп аталады.

Мемлекеттік аудиттің бақылау жүйелері тиімді қолданылып, тиімді әзірленсе мемлекеттік аудиттің бақылау тетіктері қызмет түрі немесе маңызды шот және ақпаратты ашу деңгейінде тәуекелдерді жоя алмайды. Осылайша, бақылау жүйесінің тәуекелін қолдана отырып, азайтуға мүмкіндік болады. Қызмет түріне немесе маңызды шотқа және ақпараттың ашылуына байланысты бақылау жүйесінің тәуекелі жоғары немесе төмен болып бағаланады. Бақылау жүйесінің тәуекелін айқындау кезінде аудитор бақылаудың кез – келген қолда бар өтемдік тетіктерін қоса алғанда, тиісті бекітуге қатысты бақылаудың барлық тетіктерінің жұмыс істеу тиімділігін қарайды. Тиімді және тиімді емес бақылауды өтейтін немесе азайтатын бақылаудың басқа тектіктері бар болса, аудитор бақылау жүйесінің тәуекелі төмен деген қорытынды жасай алады. Бақылау тетіктерінің тиімді қолданылатыны туралы тиісті аудиторлық дәлелдемелердің жеткілікті санын алу аудиторға аудитордың ісін растауға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік аудит объектілерінің қызметі туралы мәліметтерді талдаумен анықталған және белгілі бір бұзықшылықтарды анықтау мақсатында әзірленген деректерді таңдау жағдайларының біртұтастығы тәуекелдер бейіні болып табылады.

Келесі, маңызды ережелердің бірі, бақылау жүйесінің тәуекелін бағалау – аудиторлық қорытындыны негіздеу үшін аудиторға басқаша жүргізуге тұра келетін рәсімдер санын мәні бойынша азайтуға мүмкіндік береді. Аудитор қызмет түрі немесе маңызды шот деңгейінде ауытқу немесе бұрмалануды байқаған сәтте маңызды есепке алу мен ашып көрсетуді бағалау қажет. Тәуекелдер басқару жүйесінің тәуекелдігіне тәуелді болғанымен екі деңгейден тұрады: маңызды және маңызды емес, төмен және жоғары.

Тәуекелдерді басқару жүйесінің оның ішінде ақпараттық жүйелер арқылы сапалы жұмысты қамтамасыз ету, мемлекеттік аудитті жүргізуге талдамалық қызметті және тәуекелге бағдарланған тәсілді кеңейту және барлық жерде енгізу негізгі және жалпы міндеті болып табылады.

Сонымен қатар, тәуекелдерді басқару жүйесі бірнеше сатыдан тұрады:

1. ақпаратты жинау;
2. тәуекелдерді сәйкестендіру;
3. тәуекелдерді бағалау;
4. зер салу шаралары;
5. тәуекелдер мониторингі;

Жалпы мемлекеттік аудит объектісінің кез-келген саласына тәуекелдердің тигізетін әсерін анықтау үшін жүргізілетін іс-шаралар тәуекелдерді талдау жүйесі деп аталады. Мемлекеттік аудит объектілерінің қызметі туралы мәліметтерді талдаумен анықталған және белгілі бір бұзықшылықтарды анықтау мақсатында әзірленген деректерді таңдау жағдайларының біртұтастығы тәуекелдер бейіні болып табылады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит органдарындағы тәуекелдерді басқару жүйесі Қазақстан Республикасының Конституциясында және басқа заңдарында, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес өз қызметін тоқтаусыз жүзеге асырады. Мемлекеттік аудит республикалық, мемлекеттік мекеме ұйымдастыру – құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып есептеледі және мөрлері, мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасының қазынашылық органдарында есеп – шоттары орналасқан. Есеп комитеті ережені әзірленгеннен кейін, оған Қазақстан Республикасының Президенті қол қояды. Мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылау органдарының жүйесіне кіретін аудит саласының тәуекелдерді басқару жүйесін қалыптастырады. мемлекеттік бақылау мен қадағалау органдары, мемлекеттік аудит объектілері арқылы ақпарат алмасу, сонымен қатар, электрондық мемлекеттік аудит жүргізу мақсатында мемлекеттік аудит және қаржылық бақылаудың бырыңғай дереккөздерін қалыптастыру мен жүргізуді және ақпараттарды пайдалану қағидаларын қорытындылайды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Үкіметі құратын және тарататын мемлекеттік мекеме бақылауында болатын және есеп беретін Облыстар және Нұр-Сұлтан мен Алматы қалалары бойынша мемлекеттік аудит департаментін жатқызуға болады.

Мемлекеттік аудит тәуекелдерді басқару жүйесінің еліміздегі бағыттарына көз жүгіртіп өтсек, қазіргі таңда елімізде мемлекеттік аудит тәуекелдерді басқаруға байланысты бірнеше жұмыстар атқарылуда. Себебі, дәл қазіргі нарықтық экономикалық заманда, тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит объектілері жобасын қалыптастыру аса назар аударатын жайт болып отыр. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі есепке алмағанда, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қаржылық есептілігіне және де мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігіне тәуекелдерді басқару жүйесіне жыл сайын есеп жүргізіледі. Аудиттің әділетті жүргізілуі үшін камералдық бақылау шаралары қатаң түрде іске асырылады.

Қазіргі таңда, Қазақстан Республикасының бюджет және өзге де заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар қарастырылып Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің әзірленуі мен келісім шарттары жүргізілуде. Еліміздегі қаржылық құқық бұзықшылықтарды қысқарту үшін тәуекелдерді басқару жүйесі мен камералдық бақылау шараларына қатаң түрде бақылау

жасалып, атқарылатын жұмыстардың кәсіби құзыреттілікке сай іске асырылуын қадағалау маңыздылығы жоғары болып саналатын қызметтер тізіміне жатады.


Келесі кезекте, 2020 жылдың Алматы қаласы бойынша тексеру комиссиясы жұмысының нәтижелерінің статистикалық көрсеткіштеріне тоқталып өтсек.(1-сурет)



1 сурет. 2020 жылы Алматы қаласы бойынша Тексеру комиссиясы жұмысының нәтижелері

2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ағымдағы жылдың және өткен жылдардың актілері бойынша 13887, 0 млн. теңге қалпына келтірілді және өтелді, олар:

- бюджет кірісіне – 727, 3 млн. теңге өтелді;
- кассаға – 55, 4 млн. теңге өтелді;
- есепке алу бойынша – 13001, 7 млн. теңге қалпына келтірілді;
- жұмыстармен – 102, 6 млн. теңге;



2-сурет. Аудиторлық іс-шаралардың нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар, млн.теңге

Бұл көрсеткіштерде еліміздегі әліде қаржылық бұзушылық орын алып жатқанын байқауға болады. Аудиторлық іс-шаралардың қорытындысы бойынша анықталған кемшіліктер мен бұзушылықтарды жойып, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша анықталған қаражатты қалпына келтіру үшін тиісті шаралар қолданылғанын көріп отырмыз.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңына сәйкес, мемлекеттік аудиттің тәуекелдерін басқару жүйесінің негізгі бағыттары экономикалық саясатты табысты іске асыруға, елдің, қызмет салаларының өндірістік мүмкіндігін тиімді бағалауға ықпал ету және де мемлекеттік қаржылық бақылау ретінде аудит барысында анықталған бұзықшылықтар бойынша ден қою шараларын қабылдауға бағытталуы тиіс, яғни әкімшілік іс қозғау, тәртіптік жауапкершілікке келтіру, процессуалдық шешім қабылдау үшін материалдарды құқық қорғау органдарына тапсыру қызметтері бағыттарын жүйеге алу.

Қортындылай келе, нарықтық экономикалық жағдайда мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылау салаларында тәуекелдерді басқару жүйесінде көптеген нормативтік-құқықтық актілермен заңдар қабылданып, құрамына бірнеше рет өзгерістер енгізілген. Соған қарамастан қазіргі уақытта, заңсыздықтардың алдын алу үшін мемлекеттік аудит органдарында тәуекелдерді басқару жүйесіне мемлекет аса назар аударуда. Мемлекеттік аудит органдарындағы тәуекелдерді басқару жүйесі көптеген құқық бұзушылықтар мен қазңсыз әрекеттердің белең алуын азайтуға көптеген септігін тигізуде.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылы 12 қарашадағы Заңының 14 – бабы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000392>

1. Есеп комитетінің 2020 жылғы аудиторлық қызметтердің тексеру комиссиясының қорытынды нәтижелері

2. Мемлекеттік аудит. оқулық /ред. Джамбурчин К . - Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ. 2016.- 375б.

УДК 336

НЕОБХОДИМОСТЬ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ СИСТЕМЫ КРИТЕРИЕВ ОЦЕНКИ КРЕДИТОСПОСОБНОСТИ

Хуснутдинова Айгуль Фауарисовна

[dilaraif@mail.ru](mailto: dilaraif@mail.ru)

Магистрант Института экономики, финансов и бизнеса БашГУ, г. Уфа, Республика

Башкортостан, Россия

Научный руководитель – Д.Ф. Касимова

Оценка кредитоспособности заемщика – важный элемент кредитной деятельности банков, которая позволяет снижать кредитный риск банка.

Методики зарубежных банков по оценке кредитоспособности во многом соответствуют методикам, применяемым российскими банками. Основные элементы оценки заемщиков в России представлены в табл. 1.

Таблица 1 – Элементы оценки заемщиков*

Элементы оценки	Сбер Банк	Россель хозбанк	Альфа-Банк	ОТП Банк	Росбанк
1. Анализ различных источников о заемщиках:					
- учредительные документы, устав	+	+	+	+	+
- источники внешней информации, бюро кредитных историй	+	+	+	+	+